«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІ
МЕМЛЕКЕТТІК МҮЛІК
ЖӘНЕ ЖЕКЕШЕЛЕНДІРУ
КОМИТЕТІНІҢ АСТАНА ҚАЛАСЫ
МЕМЛЕКЕТТІК МҮЛІК ЖӘНЕ
ЖЕКЕШЕЛЕНДІРУ ДЕПАРТАМЕНТІ»
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ
«ДЕПАРТАМЕНТ ГОСУДАРСТВЕННОГО
ИМУЩЕСТВА И ПРИВАТИЗАЦИИ
ГОРОДА АСТАНЫ
КОМИТЕТА ГОСУДАРСТВЕННОГО
ИМУЩЕСТВА И ПРИВАТИЗАЦИИ
МИНИСТЕРСТВА ФИНАНСОВ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН»

БҰЙРЫҚ | **ПРИКАЗ**

26 желтоқсан 2025 № 536-ОС

Астана қаласы | город Астана

Республикалық мүлікті өтеусіз пайдалануға беру туралы

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңының 14-бабының 6) тармақшасына сәйкес, Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі Спорт және дене шынықтыру істері комитетінің «Астана» Олимпиадалық даярлау орталығы» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының 2025 жылғы 6 қарашадағы №11-01-03/1470, Жетісу облысының дене шынықтыру және спорт басқармасының Талдықорған қаласының Андрей Кивилев атындағы облыстық велоспорттан олимпиадалық резервінің мамандандырылған балалар мен жасөспірімдер мектебінің 2025 жылғы 4 қарашадағы №128, Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт басқармасының «Облыстық мамандандырылған олимпиада резервінің балалар-жасөспірімдер мектебі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының 2025 жылғы 4 қарашадағы №467, Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министірлігі Спорт және дене шынықтыру істері комитетінің Кәркен Ахметов атындағы олимпиада резервінің республикалық мамандандырылған мектеп-интернат-колледжінің 2025 жылғы 31 қазандағы №01-01/209, Павлодар облысы әкімдігінің Павлодар облысы дене шынықтыру және спорт басқармасының №1 балалар-жасөспірімдер спорт мектебінің 2025 жылғы 14 қарашадағы №3-01/186, Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт басқармасының Жоғарғы спорт шеберлігі мектебінің 2025 жылғы 5 қарашадағы №149, Шымкент қаласының дене шынықтыру және спорт басқармасының Шымкент қаласының кешенді жоғары спорт шеберлігі мектебінің 2025 жылғы 14 қазандағы №300, Қызылорда облысының дене шынықтыру, спорт және туризм басқармасының велосипед спорт түрлері бойынша кәсіпқой спорт клубының 2025 жылғы 9 қазандағы №184, Алматы облысының дене шынықтыру және спорт басқармасының Талғар қаласындағы Андрей Кивилев атындағы велоспорт бойынша олимпиадалық резервтегі мамандандырылған балалар мен жасөспірімдер мектебінің 2025 жылғы 31 қазандағы №01-09№47, Жетісу облысының дене шынықтыру және спорт басқармасының Жақсылық Үшкемпіров атындағы Талдықорған қаласындағы олимпиадалық резервтің облыстық мамандандырылған мектеп-интернат-колледжінің 2025 жылғы 5 қарашадағы

004930

№253, Қостанай облысы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт басқармасының Қадырбек Оспанов атындағы №1 балалар-жасөспірімдер спорт мектебінің 2025 жылғы 23 қарашадағы №48, Қарағанды облысының дене шынықтыру және спорт басқармасының велосипед спортты бойынша олимпиадалық резервтің балалар мен жасөспірімдер облыстық мамандандырылған мектебінің 2025 жылғы 14 қазандағы №001-17/123 хаттары негізінде, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің 2018 жылғы 27 қыркүйектегі №934 бұйрығымен бекітілген «Астана қаласы мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаменті» республикалық мемлекеттік мекемесі туралы Ережесін басшылыққа ала отырып, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. 2025 жылғы 1 қаңтардан 31 желтоқсан аралығында осы бұйрықтың қосымшасындағы кестеге сәйкес Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі Спорт және дене шынықтыру істері комитетінің «Астана» Олимпиадалық даярлау орталығы» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының теңгеріміндегі Астана қаласы, Қабанбай батыр даңғылы, 45А мекенжайында орналасқан «Сарыарқа» республикалық велотрегі» спорт кешенінің ғимаратындағы үй-жайларды коммуналдық қызметтер мен ғимаратқа қызмет көрсету шығындарын үлестік өтеу шарттарында келесі мемлекеттік заңды тұлғаларға уақытша өтеусіз пайдалануға берілсін:

- Жетісу облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы мемлекеттік мекемесінің «Талдықорған қаласының Андрей Кивилев атындағы облыстық велоспорттан олимпиадалық резервінің мамандандырылған балалар мен жасөспірімдер мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне;

- Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт басқармасының «Облыстық мамандандырылған олимпиада резервінің балалар – жасөспірімдер мектебі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнына;

- Қазақстан Республикасы туризм және спорт министірлігі спорт және дене шынықтыру істері комитетінің «Кәркен Ахметов атындағы олимпиада резервінің республикалық мамандандырылған мектеп-интернат-колледжі» республикалық мемлекеттік мекемесіне;

- Павлодар облысы әкімдігі Павлодар облысы дене шынықтыру және спорт басқармасының «№1 балалар-жасөспірімдер спорт мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне;

- «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Жоғарғы спорт шеберлігі мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне;

- Шымкент қаласының дене шынықтыру және спорт басқармасының «Шымкент қаласының кешенді жоғары спорт шеберлігі мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

- Қызылорда облысының дене шынықтыру, спорт және туризм басқармасы «Велосипед спорт түрлері бойынша кәсіпқой спорт клубы» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне;

- Алматы облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы мемлекеттік мекемесінің «Талғар қаласындағы Андрей Кивилев атындағы велоспорт бойынша

олимпиадалық резервтегі мамандандырылған балалар мен жасөспірімдер мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне;

- Жетісу облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы мемлекеттік мекемесінің «Жақсылық Үшкемпіров атындағы Талдықорған қаласындағы олимпиадалық резервтің облыстық мамандандырылған мектеп-интернат-колледжі» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне;

- Қостанай облысы әкімдігі дене шынықтыру және спорт басқармасының «Қадырбек Оспанов атындағы №1 балалар-жасөспірімдер спорт мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне;

- Қарағанды облысының дене шынықтыру және спорт басқармасының «Велосипед спортты бойынша олимпиадалық резервтің балалар мен жасөспірімдер облыстық мамандандырылған мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне.

2. Астана қаласы мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаментінің мүлікті иелену бөлімі (А.А.Туманбаев) Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі Спорт және дене шынықтыру істері комитетінің «Астана» Олимпиадалық даярлау орталығы» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнымен және жоғарыда аталған мемлекеттік заңды тұлғалармен бірлесіп осы бұйрықтың 1-тармағынан туындайтын қажетті іс-шараларды заңнамада белгіленген тәртіппен жүзеге асырсын.

3. Осы бұйрықтың орындалуына бақылау Астана қаласы мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаменті басшысының орынбасары Р.Қ. Онаеваға жүктелсін.

4. Осы бұйрық қол қойылған күннен бастап күшіне енеді.

Басшы **М. Сәрсебеков**

Астана қаласы
мемлекеттік мүлік және
жекешелендіру департаментінің
2025 жылғы «26» желтоқсан
№ 536-ОС
бұйрығына қосымша

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі
Спорт және дене шынықтыру істері комитетінің «Астана» Олимпиадалық даярлау орталығы» РМҚК-ның теңгеріміндегі
«Сарыарқа» республикалық велотрегі» спорт кешенінің ғимараттындағы
үй-жайларды уақытша өтеусіз пайдалануға беру
КЕСТЕСІ

№	Пайдаланушы	Үй-жайдың атауы	Жалпы ауданы	Ұсыну мерзімі
1	Жетісу облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы мемлекеттік мекемесінің «Талдықорған қаласының Андрей Кивилев атындағы облыстық велоспорттан олимпиадалық резервінің мамандандырылған балалар мен жасөспірімдер мектебі»КММ	Велосипедтерді сақтауға арналған бокс	25,4 ш.м.	01.01.2026 – 31.12.2026
2	Қызылорда облысының дене шынықтыру, спорт және туризм басқармасы «Велосипед спорт түрлері бойынша кәсіпқой спорт клубы» КММ		23,8 ш.м.	
3	Шымкент қаласының дене шынықтыру және спорт басқармасының «Шымкент қаласының кешенді жоғары спорт шеберлігі мектебі» КММ		17,0 ш.м.	
4	Қостанай облысы әкімдігі дене шынықтыру және спорт басқармасының «Қадырбек Оспанов атындағы №1 балалар-жасөспірімдер спорт мектебі» КММ		8,6 ш.м.	
5	Қарағанды облысының дене шынықтыру және спорт басқармасының «Велосипед спортты бойынша олимпиадалық резервтің балалар мен жасөспірімдер облыстық мамандандырылған мектебі» КММ		33,4 ш.м.	
6	Жетісу облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы мемлекеттік мекемесінің «Жақсылық Үшкемпіров атындағы Талдықорған қаласындағы олимпиадалық резервтің облыстық мамандандырылған мектеп-интернат-колледжі» КММ		22,9 ш.м.	
7	Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт басқармасының «Облыстық мамандандырылған олимпиада резервінің балалар –жасөспірімдер мектебі» МКҚК		14,9 ш.м.	

8	Қазақстан Республикасы туризм және спорт министірлігі спорт және дене шынықтыру істері комитетінің «Кәркен Ахметов атындағы олимпиада резервінің республикалық мамандандарылған мектеп-интернат-колледжі» КММ		17,1 ш.м.	
9	Павлодар облысы әкімдігі Павлодар облысы дене шынықтыру және спорт басқармасының «№1 балалар-жасөспірімдер спорт мектебі» КММ		22 ш.м.	
10	«Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Жоғарғы спорт шеберлігі мектебі»КММ		15,2 ш.м.	
11	Алматы облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы мемлекеттік мекемесінің «Талғар қаласындағы Андрей Кивилев атындағы велоспорт бойынша олимпиадалық резервтегі мамандандырылған балалар мен жасөспірімдер мектебі» КММ		23,7 ш.м.	